

Бюджет мекемелерін бөлінген валюта қаржысы үшін сомдық қайтарымын аударудан босату туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 қазан 1992 ж. N 835

Республикалық валюта қорынан бюджеттік мекемелерге бөлінетін валюта қаржысының сомдық қайтарымы үшін республикалық бюджеттен ақшалай қаражаттың жұмсалудың доғару мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республикалық валюта қорынан бюджеттік мекемелерге валюта

қаржысын бөлу сомдық қайтарымынсыз жүргізілетін болып белгіленсін.

2. Әлем Банк Қазақстан бір апта мерзімде:

"Республикалық валюта қорынан бөлінетін валюта қаржысының сомдық қайтарымы" есебіндегі ақша қаражатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Мемлекеттік банкінің бюджеттік есебін аударсын;

Республикалық валюта қорынан бюджеттік мекемелерге бөлінетін валюта қаржысының сомдық қайтарымы жөніндегі 1992 жылы қабылданған Үкімет шешімдерінің күшін жою туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі